

Төленді М.А.
**Кеңес мемлекетінің дінге
қарсы жүргізген саясатының
құқықтық мәні**

Мақалада автор кеңес мемлекетінің дінге қарсы жүргізген саясатының құқықтық мәнін қарастырған. Кеңес үкіметінің алғашқы күндерінен бастап атеизімді қоғамның барлық саласында жан-жақты насихаттады. Автор тарихи шолу жаса отырып, қазіргі таңға сай жалпы тұжымдама жасаған.

Түйін сөздер: кеңес мемлекеті, құқық, атеизм, дін, тарих, саясат.

Tolendi M.A.
**Legal essence of the policy of the
Soviet state against religion**

The author of the article examines the legal essence of the policy of the Soviet state against religion. From the first days of Soviet power atheism campaigned in all sectors of society. The author conducted a historical analysis and conclusions with slelat soveremennyu period.

Key words: Soviet state, the right, atheism, religion, history, politics.

Толенди М.А.
**Правовая сущность
политики советского
государства против религии**

Автором в статье рассматриваются правовая сущность политики советского государства против религии. С первых дней советской власти атеизм агитировался во всех отраслях общества. Автором проведен исторический анализ и сделаны выводы с современным периодом.

Ключевые слова: советское государство, право, атеизм, религия, история, политика.

**КЕҢЕС МЕМЛЕКЕТІНІҢ
ДІНГЕ ҚАРСЫ
ЖҮРГІЗГЕН
САЯСАТЫНЫҢ
ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘНІ**

Адамзат тарихында бірінші болып атеизмнің алғы шарты мен ғылыми негізін К.Маркс пен Ф.Энгельс салып берсе, Кеңестер елінде оны әрі қарай жаңа нысанда дамытқан В.И. Ленин, коммунистік партия және оның қайраткерлері. Ғасырлар бойы дін ұлттар мен ұлыстардың рухани қазынасына айналып, қоғамды имандылық пен татулыққа тәрбиелеудегі ролін Марксизм-Ленинизм классиктері өтпелі құбылыс ретінде бағалап, Кеңес үкіметінің алғашқы күндерінен бастап атеизімді қоғамның барлық саласында жан-жақты насихаттады. Нәтижесінде ХХ ғасырдың бас кезінде адамзат тарихына Ұлы оқиға ретінде кірген және атеизмге толығымен бет бұрған ел Кеңестер елі болды.

Кеңес мемлекетінде атеизімді қоғамда ғылымда тәжірибеде жүзеге асыру үшін партияның көсемі аталған В.И.Ленин дінді социалистік мемлекеттегі жұмысшы партиясының бірден-бір ісі деп бағалады.«Социалистік пролетариат партиясына қатысты жағынан дін әркімнің жеке басының ісі емес. Ал, біз өз одағымызды РСДРП-ны айтар болсақ дәл осындай күрес үшін жұмысшыларды діни жолмен ақымақтандыру біз үшін идеялық күрес әркімнің жеке басының ісі емес, жалпы партияның жалпы пролетариаттың ісі.Олай болса біз өз бағдарламамызды біз атеистік деп неге жариялаймыз» [1,6 б.]

В.И.Ленин жоғары бағалаған жұмысшы партиясы және құрамында үш-ақ коммунист болса да ол партия ұйымы деп саналып мемлекеттің ар-ождан бостандығы туралы саясатын өз пайдасына шешіп отырғандығын партияның дін саласындағы қабылданған арнаулы бағдарламасынан Кеңес үкіметінің дінге қарсы қаулы-қарарларынан, арнайы қабылданған заңдарынан анық көруге болады.

«РКП (б) бұқараның бүкіл қоғамдық шаруашылық жұмысында жоспарлық пен сапалық жүзеге асқанда ғана, діни соқыр сенімдердің толық жойылуына жеткізеді деген сенімге сүйенеді. Партия еңбекші бұқараны діни соқыр сенімдерден факті жүзінде азат болуына көмектесе, ғылыми-ағарту насихатын ұйымдастыра отырып дінге қарсы насихаты мейлінше күшейте түседі, қанаушы таптармен діни насихаты ұйымдарының арасындағы байланыстарды толығымен талқандауға тырысады. [2,5 б.]

Партияның бұл бағдарламасын ұлттық республикаларда жүзеге асыру үшін Кеңес өкіметі аса сақтықпен саясат жүргізді. Мысалы, РКП(б) Орталық Комитетінің 1920 жылғы 21 ақпандағы Шығыс халықтарының арасындағы жұмыс жөнінде барлық партия ұйымдары мен саяси бөлімдеріне жіберген хатында мұсылман халықтарының арасында дінге қарсы күресті жүргізгенде олардың өмірінде үлкен роль атқаратын негізгі екі жағдайға «діни» және «ұлттық» жағдайға аса үлкен мән беру керектігін талап еткендігін мына хаттың мазмұны дәлелдейді. «Оларда дәни сенім оры және басқа Еуропаның жұмысшылары мен шаруаларына қарағанда күштірек. Олар әлі азаматтық, семьялық тұрмыстық діни нанымдармен тығыс байланыса даму сатысында отырғандықтан эканомика жағынан неғұрлым дамыған халықтарға қарағанда шығыс халықтарының өмірінде дін әлде қайда үлкен орын алады. Мұның өзі діни сенімдерге қарсы күресте үлкен сақтық болуын керек етеді. Діни нанымдарға қарсы күрескенде дінді тікелей бекерге шығару арқылы емес, қайта оқу-білімді тарату мектептер, клубтар, оқу үйлерін ашу арқылы жер мен адамның тарихы жөніндегі білімдерді тарату арқылы діннің тамырын кесу жолымен мұсылмандық діни сословие құрылысының таптық сипатын оның кедейлерді қамауға тырысатын сипатын көрсете отырып күресу керек» [3,9 б].

Осы кезеңді зерттеуші ғалым А.К. Султанғалиевна «Ислам в Казахстане история, этничность и общество» атты еңбегінде ұлттық республикаларда діннің жандануы 20-шы жылдардың ортасында өзінің шыңына жетті дейді. Архив құжаттарын саралай келе автор Қазақстанның барлық облыстарында мұсылман мекемелесі жұмыс істегендігін және 1924 ж республикада бірнеше ондаған діни мектептер, мұсылмандық сот ісін жүргізу орындары халыққа қызмет атқарғандығын және мешіттерді салу ісі жүргізгендігін айтады. Мысалы, 20-шы жылдары Кеңес елінде «Құдайсыз» (Безбожник) атты көпшілікке белгілі шығып тұратын журнал Қазақстанда 1917-1924 жылдары мешіт салу ісі жыл сайын 2-ден 34-ке дейін өсіп отырғандығы туралы деректі береді.[4]. Бұл сандық мәліметтер бізге Кеңес үкіметінің Қазақстан сияқты ұлттық республикаларда дінге қарсы өте солқылдақ саясат ұстағанын көрсетіп отыр. Қалың бұқараны діншілдік нанымнан толық азат етуші және дінге қарсы күресті бірде-бір жүргізуші коммунистер болғандықтан олардың санасын толығымен діннен тазарту мақсатында партия мынандай талаптар қойды. Мысалы, 1919 ж 30 майда В.И.Ленин

Орталық ұйымдастыру комитетіне «діни нанымдарға қолдау көрсеткен және діни жорамалдарды жасауға қатысқан коммунистерді партия өатарынан шығару керектігін ескерткен хатты жолдады [5, 17 б].

Орталық комитет бұл қаулыны іс жүзіне асыру үшін жергілікті жердегі барлық ұйымдарына тапсырма беріп қана қоймай оны мемлекеттік деңгейде жүзеге асырып отырды. Мысалы, Орталық комитеттің жанындағы «Хабарлау бөлімі» 1920 жылдың тамызынан 1921 жылдың наурызына дейін діни ниеттегі 36 коммунист партия қатарынан шығарған [6, 261 б].

Партияның «дінге қарсы насихатты дұрыс жолға қою туралы қаулысы Қазақстан сияқты ұлттық республикаларда өзінің шешімін тауып отырды. «Больше того до сих пор в особенности в некоторых национальных областях на Востоке есть еще не исключенные члены партии которые связаны с культом выполняют религиозные обряды и поддерживают в своей деятельности духовенство» [6, 261 б]. Мысалы, 1922 жылы 31 қаңтарда Сыр-Дарья облыстық комиссиясы Әулие-Ата уезінде діннен қол үзбеген партия мүшелерін Накенов Абылайды, Отабаев Үмбетті, Сырынбаев Ортанбайды, Сәтжибаев Қалқабайды, Сытыбеков Иманғалидің кандидатураларын ауыстыру туралы шешім қабылдаса, партия мүшесі Цветков Илья некесін шіркеуде қиғаны үшін партия қатарынан шығарған [7,49-50 б].

Кеңестер елінде дінге қарсы атеистік насихат жұмыстарына мемлекеттің басқару органдары белсенді түрде ат салысып отыр. Соның бірі Әділет Халық Коммисариаты. Бұл мемлекеттік органның жанында дінге қарсы үгіт-насихат жүргізетін арнайы 8-бөлім құрылды. Осы бөлімнің қызметкерлерінің көмегімен 1920 ж 1 желтоқсанына дейін Кеңес мемлекетінің дінге қарсы саясатын түсіндіру мақсатында 411 жуық дінге қарсы такврттарда дәрістер оқылды [8,62 б].

Партияның дінге қарсы атеистік насихат жұмыстарын азамат соғысы жылдарында кейінгі халық шаруашылығын қалпына келтіру кезеңінде де жүйелі түрде жүргізді. Мысалы, 1921 ж. наурыз айында өткен РКП(б) X съезі партия ұйымдарының маңызды міндеттерінің бірі қалың бұқара арасында дінге қарсы үгіт пен насихат жұмыстарын кеңінен өрістеу керектігін атап өтті. Осының негізінде РКП (б) Орталық комитетінің пленумы «Дінге қарсы насихатты жолға қою туралы» қаулыны қабылдады [9,80 б]. Осы қаулыда көрсетілген шараларды тәжірибеде жүзеге асыру мақсатында жергілікті жерлерде және ұлтты аймақтарда комиссиялар, комитеттер,

бюролар құрылды. Оның алғашқылары 1920 ж құрылған РКП (б) Орталық Атқару комитетінің жанындағы «Үгіт-насихат бөлімі», Халық Ағарту Комиссариатының жанынан құрылған «Бас саяси-ағарту комитеті» мен «Түркі халықтарының арасында үгіт-насихат жүргізудің Орталық бюросы» [10].

Олар дінге қарсы атеистік үгіт-насихат жұмыстарында әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолданғаны соншалықты тәжірибеде олар өздерінің нәтижелерін берді. Мысалы, Кеңестер елінің жер-жерлерінде және ұлттық аймақтарда дінге қарсы демонстрациялар, митингілер, карнавалдар, құдайлар мен дін басшыларының бейнесі салынған сайқы-мазақ карикатуралардың салтанатты шерулерін ұйымдастырса, саяси сауатсыздықты жоюшылар мен жұмысшы клубтары дінге қарсы тақырыпта диспуттар, спектакльдерді қою, әйгілі брошураларды, листовкаларды, плакаттарды, альбомдарды шығару және лекторлар мен насихатшыларды дайындау жұмыстарын жүргізумен шұғылданды.

Сондай-ақ атеистік насихат жұмыстарына барлық өндіріс орындары ат салысып отырды. Олар ірі өндіріс орындарында атап өтілетін діни салт жораларды, әдет-ғұрып мейрамдарын ығыстырып оның орнына жаңа кеңестік мейрамдарды «астық күні», «некеге тіркеу», «қызыл үйлену тойлары», «октябрыя» есімдерін бурудің өзін тұрмысқа енгізіп оны салтанатты түрде атап өтіп отырды [11,406-407 б]. Мемлекеттің атеистік үгіт-насихат жұмыстарына баспасөз органдары да ат салысып отырды. «Ғылыми атеистік-насихатты күшейтуде газеттің ролі зор» деді В.И. Ленин. Егер газет терді дұрыс пайдалана білсе бұл күшті құрал. Газет дінді халық алдында әрдайым әшкерелеп отырды деді В.И. Ленин [12,21 б]. 1919-1924 жж. аралығында Әділет Халық Комиссариатының басқаруымен «Революция және шіркеу» журналы [13,460 б].

1925-1941 ж. «Безбожник», 1926-1941 жж. «Антирелигиозник», 1932-1931 жж. «Безбожник у станка», газет журналдары жүйлі түрде үздіксіз шығып тұрды [6,279 б]. Әсіресе осылардың ішінде «Безбожник» газеті Ресейде «Красная ночь» баспасының дінге қарсы үгіт-насихат жүргізетін органы ретінде халық арасында көп таралымен таралғандығын мына бір деректен көруге болады. ««Газет безбожник» имевшая в 1927 г. тираж 62.000 а в 1929 г. 14.4000 тысяч, имеет настоящее время около 400.000 тысяч. А общее количество антирелигиозной литературы изданной одним только издательством «Безбож-

ник» с 700.000 листо-оттистов в 1927 г. дошло, в 1929 г. до 34 миллионов» [15].

Қазақстан және басқа ұлттық республикаларда дінге қарсы үгіт-насихат жұмыстары баспасөз арқылы іске асты. Газеттерді дінге қарсы насихатта халық арасында кеңінен пайдалану үшін Қазақстанның астанасы Орынборда 1923 жылдан таралып тұратын «Советская степь» деген газетке «Безбожник» атты қосымшасы шығып тұрды. «Безбожникті» халық арасында кеңінен насихаттау мақсатында ол туралы газет беттерінде мынандай мақалалар жарияланды. «К безбожнику был проявлен огромный интерес крестьян записывались в очередь для чтения Безбожника в библиотеке. Читали «Безбожника» даже коллективно с Библией в руках. Теперь по избам говорят нельзя ли выписывать» «безбожника» [16,406 б]. Мәскеуде «Атеист», «Москва құдайсыздар Одағы» құрылды. Ал 1924 жылы «Безбожник» газеті достарының жаңа атеистік қоғамы құрылып 1925 жылы оның қатарында 100 мыңнан астам мүшелері болды [17,157 б].

1926 ж. Сәуірде Мәскеу қаласында осы қоғамның мүшелерінің I съезі өтті. Съезд қоғамды «Құдайсыздар Одағы» деп аталынсын деген шешімді қабылдады [17, 206 б.]

Съезд бұл одаққа мынандай баға берді. «В лице Союза безбожников мы имели добровольное общество несколько особого типа. Это есть агитационное пропагандистское общество, затрагивающие основы мировоззрения широких народных масс. Это есть общество воинствующих материалистов воинствующих атеистов. Вот почему партия должна особенно, но внимательно следить за деятельностью этого общества» [18,160 б]. Аталмыш одақ тек Ресейде ғана емес ұлттық республикаларда құрылып, қысқа уақыт ішінде облыстар мен аудан орталықтарында бастауыш ұйымдары дінге қарсы белсенді жұмы істеді. Мысалы 1925 ж. Адай уезінде құдайсыздар одағының бастауыш ұйымы аталып 1929 ж онда 4830 адам мүшелікте болды. Ал, 1927 жылы осы ұйымның саны Қазақстанда 760-қа жетіп қатарында 26.916 адам мүшелікте тұрды [19,159 б].

1929 шілде айында Мәскеу қаласында қоғам мүшелерінің II съезі шақырылып, осы кезден бастап қоғам «жауынгер құдайсыздар одағы» деп аталынып, оның ең жас мүшелерінің жас мөлшері 8 жастан 14 жасқа дейін болсын деген шешімді қабылдады [20].

Қазақстанда бұл ұйым «Еркін ойлар ұйымы» деп аталынып өздерінің алдына мынандай міндеттерді қойды.

1 «Қызыл отау» мен «Қызыл шайханалар» маңында дінге қарсы ұйымдар ашылу.

2 Бұл ұйымға сайлауға, сайлануға еркі бар әрбір адам мүше бола алады.

3 Осы ұйымда басқаратын партия ұялары басшыларының мүшелерінің санын көбейту.

4 Дінге қарсы үгіт жұмысында жүрген дәрігерлер отрядын «қызыл отау» мен «қызыл шайханаларға» көбірек қатыстырылсын.

5 «Еркін ойлар» ұйымының маңында комсомолдар секциялары ашылып. Олар жұмыстағы ескілікті заттармен күресуде белсенділік көрсетсін.

6 Әйелдер арасында дінге қарсы үгіт «қызыл отауларды» жана делегаттар жиналысында жүргізіп, дін әйелдердің дәрежесін ерлерден төмен ұстайды деген тақырыптар талқыланып түсіндірілсін.

7 «Еркін ойлар ұйымына» әйел белсенділермен «Қосшы» мүшелерін көбірек тартсын.

Қазақстанда алғашқы кезде құдайсыздар ұйымы көптеген жерлерде үйірме санатында дінге қарсы жұмысын өрістетіп отырды. Осындай үйірме 1924 ж. қазан айында Петропавл қаласында жұмыс істегенін мына бір мәліметтерден көруге болады «За три месяца Петропавловский кружок объединил до 30 активных антирелигиозников, провёл огромную работу в смысле проработки материалов по подготовке новых кадров опытных антирелигиозников пропагандистов» [21].

Аталмыш үйірмелер Петропавл уезінің Атбасар, Архангельск станцияларында Көкшетау уезінде, Орал обысының Кінделі, Илек уезінде дінге қарсы белсенді ұйымдасқан түрде күрес жүргізіп отырды [22]. Орталық болса ұлттық республикаларда құрылған осындай ұйымдардың қолтығына су бүркіп қолдау көрсетіп отырды. Осындай қолдаудың арқасында алғашқы Ақмодалық губерниялық құдайсыздар одағының съезі 1925ж. 25 наурызда өтіп бір жылдың ішінде оның қатарында 7.000 мың адам мүшелікте болды [6, съезд 11 марта]. Осындай Қазақстанның ірі қалаларының бірі Петропавлда 1926 ж. 20 наурызда өтті [13,463 б].

Құдайсыздар одағының көмегімен Мәскеуде дінге қарсы орталық музей және Ленинградта «дін және атеизм тарихы» атты музей ашылып оның бөлімшелері өлкетану музейлері Кеңес мемлекетінің әр түрлі қалаларында үзбей жұмыс істеп тұрды [23,67 б]. 1929 ж қарсаңында Кеңес мемлекетінің аумағында 30 жуық дінге қарсы жұмыс атқаратын музей болды [23,68 б].

Ғасырлар бойы халыққа тарихи ескерткіш ретінде қызмет атқарып келген музейлер ендігі жерде дінге қарсы насихат жұмыстарын атқаратын орындарға айналды. Дайындау мақсатында Кеңестер елінде атеист мамандарды дайындау мақсатында алғашқы университет 1928 ж. Москва қаласының Рогожско-Симонов ауданында ашылып, 30-жылдары ол «халықаралық университет» деген мәртебеге ие болып оның қабырғасында 500 жуық тыңдаушылары болды [24,199-200 б].

Ұлттық республикаларда дінге қарсы жоғары оқу орындары 1929 ж. Қостанай қаласында ашылып орыс қазақ бөлімдерінде оның 60 жуық тыңдаушылары болды. Жауынгер атеизмінің күш салуының арқасында 1929 ж. бастап радиода дінге қарсы факультеттер ұйымдастырылды. Ал атеистік бағыттағы баспаханалар жоғары оқу орындарын факультеттерді арнаулы дінді әшкерелейтін оқулықтармен қамтамасыз етіп отырды. Кеңестер елінде ең алғашқы діни оқулық 1927 ж. жарық көріп, кейінгі жылдары 6 рет басылып шығып, 1928ж. «Антирелигиозный крестьянский учебник» оқулығының данасы 200 мыңға жетті.

Атеизімен ұланған Кеңес мемлекеті дінге қарсы күресті мектеп табалдырығынан емес бала бақшадан бастады. Атеиспіз деген ұрандарды жадымызда жаттап мектеп табалдырығын аттаған күннен бастап «октябрат балары» атанып діннің рухани негіздерінен саналы түрде алшақ өстік.

Қызыл империяның бұл саясаты ақыры халқымызды мәңгүрттікке жеткізіп дінімізден, әдет-ғұрпымыздан алшақтатып жіберді емес пе. Біз оны кеш те болса анық түсінгендейміз. Ендеше өткеннен сабақ алу бәрімізге ортақ парыз.

Әдебиеттер

- 1 В.И Ленин Социализм жіне дін. // Шығармалар толық жинағы: 55 томдық / В. И. Ленин. орысша 5ші басылым ауд. Т. 44: Июнь 1921март 1922. Алматы, 1981. 820 б
- 2 Коммунистическая партия и советское правительство о религии и церкви. – М: Гос. изд-во полит. лит-ры, 1961. – 110 б.
- 3 Шүлембаев Қ.Ш. Советтік Шығыс республикаларындағы ислам. – Алматы, 1987. – 136 бет.
- 4 В. Проскурин. Хранители древних заветов. Огни Алатау. 1991

- 5 Общество религия. Наука против религии: в 3х кн. / АН СССР, Инт философии, Акад. обществ. наук при ЦК КПСС, Инт науч. атеизма. М. : Наука, 1967 – 507 с.
- 6 Ярославский, Ем. Агитационно-пропагандистская работа ВКП(б) (между XI и XII съездами) / Ем. Ярославский, Ем. Ленин, коммунизми религия / Ем. Ярославский. – М.: ОГИЗ Госуд. Антирелигиозн. изд-во, 1933. – 612 с.
- 7 Преодолевая религиозное влияние (из опыта Компартии Казахстана) 1917 -начало 1930-х годов: сборник документов и материалов. - Алма-Ата,1990. – 256 с.
- 8 А.И. Барменков. Свобода совести в СССР. Гл.2. Ленинский декрет « Об отделении церкви от государства и школы от церкви» и его историческое значение. М,1979
- 9 Акназаров Х.З. Ислам діні және өмір шындығы. 5 тарау. Ислам дінінің қалдықтарын жоюдың жолдары. – Алматы, 1977
- 10 Йдеино-политическая работа партийных организаций Казахстана (1917-1925). В.К. Григорьев, Н.Р. Джагафаров, В.А. Осипов. Алматы, 1989
- 11 Осипов В.А. История теория атеизма. -Алматы, 1989.
- 12 Атеистік насихат саяси тәрбие жұмысының маңызды саласы Дін апын. Құр. Ж. Өстеміров. Қазақ мемлекеттік баспасы. 1960
- 13 Великая Октябрьская революция и процесс массового отхода трудящихся от религии. Наука против религии [Текст] : в 3х кн. / АН СССР, Инт философии, Акад. обществ. наук при ЦК КПСС, Инт науч. атеизма. М.: Наука, 1967.
- 14 Продвинуть «Безбожник в деревню». Безбожник.№5. Ежедневная газета приложения к газете «Советской степи». Советская степь.1923.
- 16 История теория атеизма.М, 1987.
- 17 Х.З. Акназаров. Ислам діні және өмір шындығы. 5 том. Ислам дінінің қалдықтарын жою жолдары. А,1977
- 18 Н.А. Смирнов. Очерки изучения Ислама в СССР. Гл.4. Изучение Ислама в 1918-1934г. М,1954.
- 19 Арсеньев. На безбожном фронте. Советская степь. 1925.
- 20 Кружки безбожников. Советская степь.1926.
- 21 Юбилей безбожников. Советская степь. 1926.
- 22 Первый съезд безбожников. Советская степь.1926
- 23 В. Козлов. Москва безбожная. // Московский журнал. №4. 1991
- 24 Джагафаров Н.Р,Тайжанова Г. Е. Преодолевая религиозное влияние ислама. Сборник документов и материалов. Алма-Ата, 1990. – 254 с.

References

- 1 V.I Lenin Socializm zhine din. // Shyfarmalar tolyk zhinary [Mətin]: 55 tomдық / V. I. Lenin. – oрыssha 5-shi basylym aud. T. 44: Ijun' 1921 mart 1922. – Almaty, 1981. – 820 b
- 2 Kommunisticheskaja partija i sovetskoe pravitel'stvo o religii i cerkvi. – M: Gos. izd-vo polit. lit-ry,1961. – 110 b.
- 3 Shylembaev Қ.Ш. Sovettik Shyrys respublikalaryndary islam. – Almaty,1987. – 136 bet.
- 4 V. Proskurin. Hraniteli drevnih zavetov. Ogni Alatau. 1991
- 5 Obshhestvo i religija. Nauka protiv religii: v 3-h kn. / AN SSSR, In-t filosofii, Akad. obshhestv. nauk pri CK KPSS, In-t nauch. ateizma. – M.: Nauka, 1967 – 507 s.
- 6 Jaroslavskij, Em. Agitacionno-propagandistskaja rabota VKP(b) (mezhdru XI i XII s#ezdami) / Em. Jaroslavskij, Em. Lenin, kommunizmi religija / Em. Jaroslavskij. – M.: OGIZ Gosud. Antireligiozn. izd-vo, 1933. - 612 s.
- 7 Preodolevaja religioznoe vlijanie (iz opyta Kompartii Kazahstana) 1917 -nachalo 1930-h godov: sbornik dokumentov i materialov. – Alma-Ata,1990. – 256 s.
- 8 A.I. Barmenkov. Svoboda sovesti v SSSR. Gl.2. Leninskij dekret « Ob otdelenii cerkvi ot gosudarstva i shkoly ot cerkvi» i ego istoricheskoe znachenie. M,1979
- 9 Акназаров Н.З. Ислам діні және өмір шындығы. 5 тарау. Ислам дінінің қалдықтарын жоюдың жолдары. – Алматы,1977
- 10 Йдеино-политическая работа партийных организаций Казахстана (1917-1925). В.К. Григор'ев, Н.Р. Dzhagafarov, В.А. Osipov. Almaty, 1989
- 11 Osipov V.A. Istorija teorija ateizma. – Almaty, 1989.
- 12 Ateistik nasihat sajasi tərбие zhұmysynun маңызды саласы Din апын. Құр. Zh. Өстеміров. Қазақ мемлекеттік баспасы. 1960
- 13 Velikaja Oktjabrskaja revoljucija i proces massovogo othoda trudjashhihsja ot religii. Nauka protiv religii [Tekst] : v 3-h kn. / AN SSSR, In-t filosofii, Akad. obshhestv. nauk pri CK KPSS, In-t nauch. ateizma. – M.: Nauka, 1967.
- 14 Prodvinut' «Bezbozhnik v derevnju». Bezbozhnik.№5. Ezhenedel'naja gazeta prilozhenii k gazete «Sovskoj stepi». Sovetskaja step'.1923.
- 16 Istorija teorija ateizma.M, 1987.
- 17 H.Z. Акназаров. Ислам діні және өмір шындығы. 5 том. Ислам дінінің қалдықтарын жою жолдары. А,1977
- 18 Н.А. Смирнов. Очерки изучения Ислама в СССР. Gl.4. Изучение Ислама в 1918-1934g. М,1954.
- 19 Arsen'ev. Na bezbozhnom fronte. Sovetskaja istep'. 1925.
- 20 Kruzhki bezbozhnikov. Sovetskaja step'.1926.
- 21 Jubilej bezbozhnikov. Sovetskaja step'. 1926.
- 22 Pervyj s#ezd bezbozhnikov. Sovetskaja step'.1926
- 23 V. Kozlov. Moskva bezbozhnaja. // Moskovskij zhurnal. №4. 1991
- 24 Dzhagfarov N.R,Tajzhanova G. E. Preodolevaja religioznoe vlijanie islama. Sbornik dokumentov i materialov. Alma-Ata, 1990. – 254 s.